



ӘОЖ 82-31(574)

ҒТАХР 17.82.30

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.96(4).98

¹Сұлтанғалиева Р.Б., ²Жемиле Кынажы Баран, ¹Жубанаева Ж.А.

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан

²Анкара Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия

E-mail: R.Sultangalieva@mail.ru, cemile.kinaci@hbv.edu.tr,
zhzhubanaevaa@gmail.com

ЖАЗУШЫ Б.ТІЛЕГЕНОВТЫҢ «СЕКСЕН АЛТЫНШЫ ЖЫЛ» РОМАНЫНДАҒЫ ПОЛИФОНИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи оқиғаларды оқырманға жеткізудегі полифониялық шығармалардың рөлін, көркемдік күшқуатын анықтау, белгілі шығармаларды түсінудің жаңа мүмкіндіктерін ұсыну, қазіргі таңда өзекті болып отырған интеграцияның полифониялық принципін зерттеушілік қызметте қолдану және әдебиеттің музыкамен ішкі байланысының тереңірек екенін көрсету.

Мақалада Б.Тілегеновтың «Сексен алтыншы жыл» атты полифониялық романы талданады. Автор романда бірнеше оқиғаларға қатар тоқталып, олардың әрқайсысына сөйлеу мен баяндаудың өзіндік ерекшеліктерін береді. Мақалада осындай сипатты белгілерге мысалдар келтіріліп, автордың баяндау полифониясына жүгінуінің себебі көрсетіледі. Полифониялық шығармаларға тән диалог, монолог ішіндегі диалог, контрапункт секілді көркемдік ерекшеліктер талданып, шығармадан мысалдар, нақты дәлелдер келтіріледі. Әдебиеттегі, музыкадағы полифония туралы зерттеулер жинақталып, шолу жасалады. Шетел авторларының полифониялық әдістері мен жазушы Б.Тілегенов қолданған әдістер салыстырылады. Адам психологиясын түсінудегі диалогтың маңызы, соның ішінде «өзгенің дауысымен» жүретін диалогтар маңызы талданады.

Зерттеу нысанына алынған «Сексен алтыншы жыл» шығармасындағы контрапункттың көрініс табу әдістерін анықтау зерттеудің ғылыми құндылығын арттыра түседі. Қатар суреттелген оқиғалардың арасындағы үндестік те анықталады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: әдебиеттану ғылымын зерттеуші студенттерге, магистранттарға, докторанттарға пайдалы зерттеу бағыты бола алады. Осы салада оқылатын дәрістерде пайдалануға болады. Зерттеу жұмысы полифониялық шығармаларды терең түсінуге, талдауға көмектеседі.

Мақалада полифонияға тән ерекшеліктерді жүйелеу, баяндау, талдау, салыстыру секілді әдістер пайдаланылады.

Кілт сөздер: роман; полифония; диалог; қатар сюжеттер; контрапункт; көпдауыстылық; стиль; монолог.



Kipicne

З.Қабдолов «Егер суреткердің дүниетанымында немесе идеялық бағытында өзгеріс болса, стиліне де ықпал ететіні даусыз», - дейді [1.466]. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі ақын, жазушылардың қаламына еркіндік беріп, идея-көркемдік, салт-саналық тұрғыда жаңартып, стильдік ерекшелік берді. Осы тұстағы прозаның дамуы «көпдауыстылығымен» ерекшеленеді. Полифониялық шығармалар тәуелсіздік алғанға дейін жүргізілген саясат, адамдардың қарым-қатынасы, қорқынышы, интеллектуалды дамуын қатар суреттеуге жол ашты.

Музыка өнерінде полифония тікелей полифониядан басқа тембрлердің, дыбыс қабаттарының, жанрлардың, стильдердің, т.б. үйлесімділігін танытатыны секілді, әдебиетте де бұл құбылыс тек кейіпкерлердің диалогы арқылы ғана көрініс бермейді. Ол әр түрлі мағыналық, стильдік, жанрлық салаларға қатысты бір шығарманың аясында өз өрнектерін табады. Музыкалық контрапункт сияқты әдебиетте де мәтінді ұйымдастырудың полифониялық жолдары бар. Бұны белгілі жазушы Бекежан Тілегеновтың «Сексен алтыншы жыл» атты шығармасы арқылы әртүрлі деңгейлерде полифониялық құрылымдарды көрсету мүмкіндіктеріне ие болдық. Тарихта болған саяси оқиғалар, мәдениеттердің өзара әрекеттесуі, дәуірлер, әлемдер диалогында көрініс тапқан полифонияның өзіне тән көрінісі, аталған оқиғаларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Себебі полифониялық дамудың негізгі көрсеткіштері – уақыт пен кеңістік. Бұл уақыт саяси тар шеңберден шыға алмай, отарлау саясатының езгісінде, сөз бостандығынан айырылған кезең. «Сексен алтыншы жыл» шығармасында полифониялық ойлау, яғни «өзгенің дауысымен» диалог, монолог ішіндегі диалог, контрапункт арқылы уақыт көрінісі шебер суреттелген.

Бельгияның Льеж университетінің құрметті профессоры, әдебиетші Бенедикт Ледент өзінің «Slavery revisited through vocal kaleidoscopes: polyphony in novels by Fred D'Aguiar and Caryl Phillips» атты еңбегінде «...нақты полифония орын алуы үшін бұл әр түрлі дауыстардың қатар болуы жеткіліксіз, олар басқа сөйлейтін адамдармен және мағына жасау үшін өзара әрекеттесу керек» дей келе, D'Aguiar and Caryl Phillips күрделі полифонияның арқасында тарихты қайта жаза алғандығын айтады [2.291]. Себебі тарихи оқиғалар үлкен саясат пен әртүрлі деңгейдегі, әртүрлі көзқарастағы, әртүрлі саладағы адамдардың психологиясымен тығыз байланысты. Ол жердегі көпдауыстылық қатар жүргенімен, бір-бірімен байланысы.

Уақыт пен кеңістікке негізделген шығармалар жазушы творчествосымен тығыз байланысты екенін айтады ғалым З.Қабдолов. Мысалы, Шолохов ылғи Дон казактары, туралы жазатынын, Фадеев көбіне Сибирь партизандары жөнінде жазған болса, Панферов Повольже шаруалары жайлы жазғанын айтады. Бұл заңды да: жазушы қандай шындықты жете білсе, шығармасына соны тақырып етпек. Бұндай жағдай қазақ әдебиетінде де бар. Ғ.Мұстафиннің шығармаларына арқау болған шындық – Қарағанды маңындағы қазақтар өмірі болса, Ә.Нұрпейісовтың трилогиясы Арал қазақтарының өмірінен туды. Бұл жазушы творчествосы оның өмір тәжірибесімен тығыз байланысты екеніне, суреткер нені жақсы білсе, сол жайлы жазатынына дәлел [1.462-463]. Жазушы Бекежан



Тілегенов шығармасындағы тәуелсіздік тәлкегімен болған психологиялық, әлеуметтік мәселелерді жан-тәнімен сезінуі – оның осы кезеңде өмір сүріп, көзімен көріп, көңіліне түйінен.

Әдебиеттегі полифония туралы кез келген сөз, әдетте, бұл ұғымды әдебиеттану ғылымына енгізген және полифониялық романды бір тақырыптағы әртүрлі кейіпкерлердің көзқарастары тең болатын мәтін деп түсінген М.Бахтингге сілтеме жасайды. Мұндай шығармада кейіпкерлердің дүниетанымы мен көзқарастары түбегейлі өзгеше болуы мүмкін, автордың позициясы баса көрсетілмейді. Полифониялық романда қойылған «соңғы сұрақтардың» түпкілікті, негізгі жауабы жоқ. Бұл өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, ақиқат пен өтірік т.б.бойынша қойылатын мәңгілік сұрақтар. Тең көзқарас тұрғысынан әлемнің полифониялық бейнесі пайда болады [3.5-7]. Ал ғалым Р.Нұрғали полифониялық шығармалардың ерекшелігін «Полифониялық роман – жанрлық мүмкіндіктері орасан мол, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы өте күрделі қарым-қатынастарды бейнелеуде жазушы үшін ең құдыретті форманың бірі» деп баға береді. Шынында да, полифониялық шығармаларды зерттеушілер адам психологиясын берудегі жазушы үшін ең тиімді форма екенін келесі тұжырымдар арқылы айтады:

- адам жанының тылсым құпияларын ажыратуға жол ашады;
- барлық кейіпкерлердің санасы мен идеясының тең күресуіне жол береді.

Автордың дауысының (пікірінің) романдағы басқа кейіпкерлерден артықшылығы жоқ (М.Бахтин);

- жанрлық мүмкіндіктері мол болғандықтан, жазушы үшін тиімді (Р.Нұрғали).

Полифонияның негізгі аспектісінің бірі – жазба әдебиеттің әртүрлі мәтіндік қабаттарын қолдану: сұхбат, күнделік, хат, тарихи баяндау, пасторлық, апокрифтік және детективті әңгіме біртұтас көп дауысты мәтін жасайды. Әрбір мәтін қабатында негізінен бірдей сюжеттер айналдырылады, әртүрлі кеңістік-уақыт координаттары мен мәдени парадигмаларында орындалады [4]. Аталған мүмкіндіктерді жазушы Б.Тілегенов «Сексен алтыншы жыл» романында кеңінен қолданған. Бұл авторға бірнеше сюжеттік арнаны қатар бейнелеуге мүмкіндік берген.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тәуелсіздік кезеңіндегі полифониялық шығармалардың көркемдік-поэтикалық ерекшелігіне талдау жасау үшін осы уақытқа дейін зерттелген полифониялық шығармалар туралы зерттеулер, баспаға шыққан зерттеу мақалалары, шет ел әдебиетінің зерттеушілерінің теориялары мен тұжырымдары талданды.

Зерттеу жұмысында тәуелсіздікке дейінгі тарихи оқиғаларды суреттеуде полифония әдістерінің қолданылу ерекшеліктері арқылы сол кезең шығармаларының көркемдік-поэтикалық ерекшеліктерін көрсетуге тырысамыз. Жұмыста ресейлік, бельгиялық, қазақстандық әдебиетші ғалымдардың еңбектері мен тәуелсіздік тұсында жарық көрген Бекежан Тілегеновтың «Сексен алтыншы жыл» шығармасы негізге алынған. Полифониялық шығармалардың жазылу ерекшеліктері, көпдауыстылық пен диалогтың рөлі секілді мәселелер талданады.



Талқылау мен бақылау

Полифониялық роман – ерекше көркем ойды білдіретін жанрлық форма. Жазушы шығармасында түрлі қаһармандардың үнін жеткізеді, ал кейіпкерлер автордың санасына тәуелді емес өзіндік сананың тасымалдаушысы. Сонымен қатар, әр кейіпкердің әлем туралы өз шындығы бар, ол автор ұстанымына, көзқарасына сәйкес келмейді. Автор полифонияның осы қасиетін пайдалана отырып, өз ұстанымын толық ашпайды, сол арқылы біржақты пікірден бойын аулақ ұстайды.

Полифониялық шығармалардың басты ерекшелігі – бір мезгілде әртүрлі көзқарастар мен дауыстарды қамтуында. Бұған америкалық әдебиет сыншысы Кэрил Эмирсон «барлық дауысқа салмақ беретін орталықтандырылған авторлық ұстаным» деген анықтама береді. Әдебиетте көпдауыстылық диалог арқылы танылады.

«Палифония» терминін алғаш әдебиетке енгізген М.Бахтиннің пікірінше, көпдауыстылықты шығармада беруде диалогтың орны ерекше. Бұған дәлел ғалым зерттеген Ф.Достоевский шығармаларындағы диалогтың сан түрлілігі және сол арқылы бір мезгілде берілген түрлі көзқарастар. Бахтин Достоевский шығармаларындағы диалогтар «тәуелсіз және біріктірілмейтін әртүрлі дауыстар мен саналар, толыққанды дауыстардың шынайы полифониясын» көрсететінін айтады [5.6-7]

«Сексен алтыншы жыл» шығармасында тәуелсіздік алуға түрткі болған жағдайларды шебер бейнелеген Б.Тілегенов саясаттағы, өнердегі, қарым-қатынастағы (саяси қарым-қатынас, ғашықтық қарым-қатынас, өнердегі қарым-қатынас) оқиғалардың заман талабына сай өрбуін диалог, полифония, сөздің астарлы, екіұшты ойы, жасырын полемика арқылы бір-бірімен тоғыспайтын, бірақ жымдасып, қабысатын, бірнеше сюжеттік арнада қатар суреттейді. Шығарманың полифониялық ерекшелігін кейіпкерлер арасындағы, монолог ішіндегі диалог түрлерінен де байқауға болады.

Біріншіден, «өзгенің дауысымен» диалог. Бұны шығармада кеңес үкіметі жүргізген өктемдік пен саясатты бейнелеуде билік басына жақын жүрген қазақтардың саяси көзқарастарынан, бір-бірімен арпалысуынан, билікке таласуынан, Ресей басшыларымен қарым-қатынасынан аңғаруға болады.

Мәселен, шығармадағы Яценконың қазақ зиялылары Камаловпен, Әбенюпен кездесулері. Біріншінің орнынан үміті бар тұлғалардың барлығының да бір-бірімен сөйлесуінде бір шешімі жоқ ойдың, саясат туралы, қоғам туралы қорқыныштың, қаталдықтың, қатыгездіктің ұшқыны байқалады. Олардың екіжүзділігі ішкі диалогтарынан да көрініс тапқан. Мысалы, Камаловтың ішкі трагедиясы оның «мықты тұлға» болғысы келетіндігінде және ондай бола алмайтындығында. Ал Яценко соны анықтау және оның билікке таласы бар, жоқтығын білу мақсатында оған астарлы сұрақтар қойып, жауабын бақылауы. Жалпы Яценконың Камаловтың, Әбенювтың ішкі ойын білу мақсатында жүргізген диалогтарынан көпдауыстылық байқалады. Автор әр кейіпкерін суреттеп, олардың түпкі ойларын жазғанымен, саясатқа қатысты қабылдаған шешімдерін өзіне тәуелді етпейді, олардың іс-әрекетінің дұрыс-бұрыстығын айтып, біржақты пікір бермейді. Мысалы Камаловты «...ұзақ жылдар бойы



ешқандай жауапкершілігі жоқ, тек сайрап ақыл айтып, төбеден бақылайтын жеңіл жұмыстарда жүріп, ауырдың асты, жеңілдің үстімен келеді. ...өзіне көпшілік назарын қанша аударғысы келгенімен, жұрт оның бойынан аяғының қысқалығы мен белінің жуандығынан басқа ерекшелікті көре алмайды» [6.57] деп сипаттайды да, Яценконың ішкі ойы арқылы бұның билік басына таласатын түрі бар екендігін білдіреді. Алайда автор шығармада Камаловтың қабылдаған шешімдері туралы өз пікірін ашық білдірмейді. Яценконың «жоғары оқу орындарына қазақтар көп түсе бермесін» деген ойын қабылдауы, өзіндік шешім шығаруы, бұл мәселені съезде көтеріп, өз ұлтына қарсы шығуы туралы автор тек халықтың бұл ақпаратты қалай қабылдайтындығы туралы айтып, өз позициясының ұшын көрсеткендей болады.

Бахтиннің пікірінше, «сөздердің бір ауыздан екінші ауызға ауысуы, онда олар мазмұны бойынша бірдей бола отырып, өз ренктері мен түпкілікті мағынасын өзгертеді, бұл Достоевскийдің негізгі әдісі» [7.241]. Б.Тілегенов те осы әдісті қолданады. Шығармада Әбенев пен Яценконың арасындағы диалогта екі дауысты сөз бен жасырын полемика үлкен орын алады. Олар әрқашан бір-бірінің ойын болжауға тырысады, бір-бірінің реакциясын бақылайды және соған сәйкес өз жауабын береді. Кейіпкердің өзін-өзі тануы ол туралы басқаның санасына енеді және соған байланысты кейіпкердің сөзі өзгеріп отырады. Яценко диалогқа түсу арқылы Әбеневтың басшылық туралы ойын, съезде не туралы айтатынын, Біріншіге көзқарасын түсініп, оны қолдағандай «басын шайқап, таңдайын қағып» қояды.

Ал табанды, қатал әрі қулығы мен арамдығы да қатар жүретін Айбаровпен кездесуге, онымен ашық сөйлесуге жүрексінген Яценконың Айбаров туралы ойы оның ішкі диалогында қалыптасады. Біресе Айбаров өзі тәрбиелеген Біріншіге қарсы келмес деген тұжырым жасаса, біресе билікке ұмтылған адамның ештеңеден тартынбайтынын ойлайды. Кейін съезде Әбенев Біріншінің қасындағы кадрлардың осалдығы туралы айтқанда, Яценко Айбаровқа өз басын ақтап шығуға кеңес бере отырып, өз позициясын бүрмелейді. Айбаровтың әр жауабын бақылап, «...менің қателесуім мүмкін. Мен тек сырттан естіп жүрмін ғой, бұл жағдайды менен көрі сіз жақсы білуіңіз мүмкін. Мен қателестім бе?» деп, өзінің басын арашалап алады да «Әттең, бұл пікірлерді айта алмаймын. Осы жайларды айтатын адам болса деп, теріс болмас еді» деп, Айбаровты әрі Біріншіге қарсы қояды, әрі, Біріншінің орнына отыруға үміттендіреді.

Шығармада Бірінші мен Айбаровтың кездесулерінде де көпдауыстылық байқалады. Олар да үнемі бірін-бірі бақылап, шынайы сезімін жасырып, іші алай-түлей болып тұрса да, сыртынан сынай танытпайды. Бірін-бірі өлердей жек көріп, биліктен құлағанын жан-тәнімен қалап тұрса да, бір-бірімен жұмыс тәртібіне сай, салмақты, сыйластықта сөйлеседі. Съезде Біріншіні қатты сынға алған Айбаров кейін кездесуге келгенде Бірінші «салқын қабақпен, енжарлау қарағанымен, ар жағында көкірегінде алай-дүлей боп сапырылысып аласұрған көңіл-күйі, сезім серпілісі осы көзқарастан айқын байқалды». Бірақ «Маған ренжіп отырған жоқсыз ба?» деген сұраққа «Оқасы жоқ. Сынсыз бола ма? Сын қажет нәрсе, ондай сындарды айту да, оны дұрыс қабылдау да біздің азаматтық борышымыз ғой» деп жауап берді. Айтпақ ой басқа, айтылған ой басқа. Жалпы Айбаровты басқа билік



басындағы кейіпкерлерінен ерекше суреттейді. Автордың осы кейіпкері туралы ерекше пікірі бар секілді. Оны басқамен диалогтарында, өз монологтарында, автордың суреттеулерінде екі жақты қабылдауға болады. Бірі – билікқұмар, бар мақсаты билік. Екіншісі – ел басқаруға лайықты патриот, әділ жан Оқырман бойынан халықты қырғынға ұшыратпай, көпұлтты елді дұрыс басқару үшін Айбаровтай айлалы да ақылды болу керек секілді деген ой тудырады. Мысалы:


1-кесте - Романдағы Айбаровтың бейнесі.

Айбаров	Айбаров
...бұл күрестен шеттеп қалуға болмайды. Тыс қалаған адамға қауіп төнері сөзсіз. Ертең олардың қайсы келсе де бұған билік биігінен орын тимейді.	Айбаров интуицаға сенетін, қауіп-қатерді сезіп, саясатта жағдайдың өзгергенін дәл мөлшерлейтін сезімтал қайраткер. Билік биігіне өрмелеген адамға бұл аз қасиет емес, Камалов билікке тек өзінше дәме артып, біреудің меңздеуімен ұмтылса, бұл өз бетімен, бұл өз бетімен, өзінің сезімталдығымен, қазір дәл осындай өзгеріс кезеңі туғанын дәл сезумен ұмтылған адам.
Ретіне қарай ұсақ-түйекке мән бермейтін аңғал болып көрінуі де соңғы жылдары үйренген әдісі еді. Бірақ бұл аңғалдықтың артында үлкен есеп, саясат, қулық та жатыр. ... Табанды, қатал болғанымен, қулығы, арамдығы, жоқ бірбеткей болып көрінеді. Орайын қарай ол осы екі тәсілді қатар ұстап, шебер қолданып келеді.	Бірінші оны қатты қолдайды, бірақ ол осы қолдауға масылданып жүрген жоқ, жұмыста өз беті, өз саясаты, өз бағыты бар [6.65-68]

Екіншіден, полифониялық шығармаларға сай, «Сексен алтыншы жылда» контрапункт бар. Музыка өнерінде контрапункт – бұл екі немесе одан да көп әуендердің бір мезгілде үйлесуі. «Контрапункт» сөзін әдебиет пен кинода кездестіруге болады. Әдетте оның астында негізгі сызықты көлеңкелейтін бөлек, бүйірлік сюжеттік сызық болады. Мысалы Б.Тілегенов шығармада екі үлкен арнаны қатар, қарсы суреттеген: саясат пен өнер. Алдымен төмендегі кестеден контрапункт болған сюжеттерді көруге болады. Екі үлкен арнаның ішінде де қатар суреттелген сюжеттер бар.



2 – кесте - Романдағы сюжеттер



Камалов, Әбенев секілді саяси тұлғалар Ресейдің қазақ жеріндегі қолшоқпары болуға жан-тәнін салып арпалысса, Айдын, Нәзік, Мәмбет, Кәмкен секілді жастар «қазақты қазақ басқарсын» деп тәуелсіз ел болуға ұмтылып арпалысты.

Автордың көркемдік жаңалығы оның романында қол жеткізілген контрапункт әсеріне жету үшін әдеби мәтіндегі максималды жақындату болды. Кестеге салатын болсақ:

3 – кесте - Контрапунктке саясатты бейнелеу арқылы жету әдісі

Билікке таласушылар арасындағы тартыс	Мәтіндер арасындағы үндестік	Білім мен ғылым саласындағы дәрежеге талас
Камалов жоғары оқу орындарындағы қазақтардың санын азайту керек, орыстардың санын көбейту керек деп, өз елінің патриоты болғандарды «ұлтшыл» деп шетінен қырып-жоюға күш салу арқылы Ресейге жағып, билікке ұмтылуда.	Оқиғалар бір-бірімен жанаспайды, бірақ тығыз байланысты: 1. Ұлтшылдықтың төңірегінде Камалов та, Айдынның ата-анасы да жүр. Кейіпкерлер әртүрлі сюжетте бір нәрсемен алысуда; 2. Бірі білім саласынан қазақтарды қуып жатырса, бірі білім саласында биліктің ықпалымен атаққа ие	Айдынның ата-анасы Сәлмен мен Дариға білім саласында жетістікке жетеміз деп өз елінің қамын жеген Сырымдай патриоттарды даптап, биліктегі таныстарын пайдаланып, ар-намысын таптаса да, осы салада жетістікке жетуге барын салып жүр.



	болып жүр.	
Саяси тартыстың адами құндылықтарды жоюы	Мәтіндер арасындағы үндестік	Қазақ жер атауларының орыс тіліне аударылуы
Атам заманнан «қара шаңырақты» қараусыз қалдырмайтын, отбасылық құндылықтарды жоғары бағалайтын қазақ халқын билік бездірді. Билік басындағы Меңдібеков Туған анасын жерлеуге бармады.	Оқиғалар бір-бірімен жанасады, себебі Меңдібеков, Кәмкен, Мәмбет Қалипа ананың тәрбиесінде болды. Бірақ екеуінің таңдаған ұстанымдары әртүрлі. Бірі ұлттық құндылықтардан безіп барады, бірі сол құндылықтарды сақтаймын деп арпалысады.	Айыртауда тың совхозы орнап, жер атауы дауға қалғанда, жерге қазақша атау беремін жанжал көтерген Кәмен соттала жаздап, әрең құтылды. Қазақтар тілі келмейтін, өздері танымайтын жер атауларына ие болды. Туған жерін жат атаумен атады.

Бұл тұста автор саяси оқиғалардың білім саласына, ұлттық, отбасылық құндылықтарға әсерін қатар, қарама-қарсы суреттеген. Сонымен қатар, автор өнер саласына байланысты оқиғаларды қатар суреттеп, бір-бірімен үндестірді.

4 – кесте - Контрапунктке өнерді бейнелеу арқылы жету әдісі

Мәмбеттің Кенсарының суретін салуы	Мәтіндер арасындағы үндестік	Желтоқсан оқиғасы
Отаршыл Ресейге қарсы шыққан Кенесарының бейнесін салған Мәмбеттің ішкі ойы сол күнгі саясатқа қарсылық секілді. Қарсылығын суретпен жеткізгендей.	1. Кенесары да, жастар да Ресейдің саясатына қарсы. 2. Мәмбет (өнерлі жас толқын) Кенесарының портретін аяқтағанда, Желтоқсан оқиғасы бастау алды.	Саясаттың шешіміне келіспеген жастар «қазақты қазақ басқаруын» талап етті. Еркін, тәуелсіз ел болғысы келді.
Нәзіктің ана бейнесін сомдауы	Мәтіндер арасындағы үндестік	Желтоқсан оқиғасына байланысты әр ата-ананың қорқынышы
Нәзік қасиетті ананы тамаша сомдады. Бұл қойылым оның көптен бергі арманы еді. Қойылымның соңында ол өзін алаңдағы жастардың анасындай сезінді, оларға қамқор болғысы келді, олардың талап-тілектерін қолдайтынын білдіргісі	Алаңға шығып, елінің тәуелсіздігін талап еткен батыл жандарды тәрбиелеген ана. Ана демеуші, ана қорғаушы. Автор ата-ана баласын қолдасын, қолдамасын, бәрібір амандығын тілейтінін көрсетті.	Айдынның ата-анасы Дариға мен Сәлмен де, Болаттың әкесі Кәмкеннің де, басқа жастардың ата-аналарының бойында үрей, қорқыныш болды. Жастардың өлімі әр ананың жүрегін қан қақсатты.



<p>келді. Жастарды «менің ұлдарым мен қыздарым» деп спектакльге келгендерді көтеріліске шақырды.</p>		
--	--	--

Нәтижелер

Талдау барысында романның полифониялық ерекшеліктері анықталды:

- біріншіден, қаһарманның өз идеясын жеткізуі олардың авторлық бағасынан кем түспейді;
- екіншіден, қаһарманның жан дүниесінде үздіксіз қызу тартыс жүріп жатыр, автор оның күрделі ішкі дүниесін шебер ашады;
- үшіншіден, кейіпкерлердің дауыс-санасы тең диалогта бейнеленген, ал әр диалогтың өзі шексіз көркемдік тереңдіктің қайнар көзі;
- төртіншіден, кейіпкерлердің көбі диалогтық қарым-қатынаста өзгенің сөзімен сөйлейді;
- бесіншіден, шығармада контрапункт шебер пайдаланылған.

Қорытынды

Әрбір жеке адам әлемнің полифониялық құрылымында өз өмірін белгілі бір тарихи оқиғаларға сай сүреді. Бастапқы жеке дауыс (өмір) көптеген дауыстар тұрғысынан қарастырылады [8]. Бұл полифониялық романдардың негізгі күші. Осындай полифониялық шығармалар тарихи оқиғаларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Егемендігіміздің орнауына себеп болған Желтоқсанның жасырын сырын, сол кезде жүргізілген саясаттың сұрқия жоспарын, билік басындағылардың бет пердесін ашуда полифониялық әдіс өте қолайлы. Михаил Бахтин "диалогизм және гетероглоссия" атты тұжырымдамаларында "транслоссия" термині қолданылады, ол "шекарадан өту" дегенді білдіретін трансты және "сөйлеу" дегенді білдіретін глоссикті біріктіреді, "формальды және тақырыптық тұрғыдан әр түрлі позицияларда белсенді және орындаушылық артикуляцияны тудырады, бұл қазіргі әдеби өрнектің ерекшеліктерін анықтайды екен [9]. Жазушы Бекежан Тілегеновтың полифониялық романында қатар жүріп жатқан сюжеттер түрлі позиция құралған. Бір оқиға саяси шеңберден шыға алмай жатырса, бір оқиға сол шеңбердің бұзып шығып, өз позициясын ұсынады. Роман объективті түрде өзіне басқа саналарды қабылдаған бір сананың тұтастығы ретінде емес, бірде-біреуі толығымен екіншісінің объектісіне айналмаған бірнеше сананың өзара әрекетінің тұтастығы ретінде құрылған.

«Сексен алтыншы жыл» полифониялық жұмыстың тамаша үлгісі, онда полифониялық баяндау құрылымының мақсаты оқырмандарға сол кезеңдегі саяси әлемді әртүрлі көзқарастармен байланыстыруға көмектеседі. Бұл жай ғана әдеби құрал емес, сонымен қатар өмірдегі әрбір оқиғаның әрқашан бір жағы ғана емес, бірнеше жағы болатынын еске салады. «Адамның рухани әлемі оның мінез-құлқы, қам-қарекетімен тамырлас болмай, психологиялық талдау мақсаты толық орындалмайды» дейді Б.Майтанов [10.8]. Бекежан Тілегеновтың тәуелсіздік оқиғаларымен тамырлас болуы, оның әр кейіпкерінің іс-әрекеті мен мінез-құлқынан айқындалып отыр.



ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. Өлке. 2014. – 495 б.
- [2] Ledent B. Slavery Revisited through Vocal Kaleidoscopes: Polyphony in Novels by Fred D'Aguiar and Caryl Phillips //2-84269-648-4. – 2005.
- [3] Белоус А.А. Полифонический роман Достоевского в зеркале христианского сознания Вестник Томского государственного университета. 2013. № 371. С. 7-10.
- [4] Попова И.Л. Полифония для стилистики романа: логистическая карта «трансемиотизации». Вопросы литературы. 2023; (5): 105-127. <https://doi.org/10.31425/0042-8795-2023-5-105-127>.
- [5] Бахтин М.М. «Проблемы творчества Достоевского». Миннеполис: Издательство Миннесотского университета, 1984. С 341.
- [6] Тілегенов Б. Сексен алтыншы жыл. Қара жел. – Алматы. Дәуір-Кітап, 2017. – 482 б.
- [7] Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. Москва: Искусство, 1979.
- [8] Novak R. The polyphonic principle in the novelistic thinking of Olga Tokarczuk. <https://doi.org/10.1007/s11059-024-00758-5>
- [9] Nygren A. Narrating Rape as a Collective Trauma: Collectivity, Dialogism and Heteroglossia in Monika Fagerholm's Vem dodade bambi?/ Scandinavica, 63. 2024. <http://www.palgrave.com/us/book/9781137365934>
- [10] Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

REFERENCES

- [1] Qabdolov Z. Söz öneri. – Almaty. Ölke. 2014. – 495 b.
- [2] Ledent B. Slavery Revisited through Vocal Kaleidoscopes: Polyphony in Novels by Fred D'Aguiar and Caryl Phillips //2-84269-648-4. – 2005.
- [3] A.A. Belous Polifonicheski roman Dostoevskogo v zerkale hristianskogo soznanie Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. 2013. № 371. S.
- [4] Popova İ.L. Polifonia dlä stilistiki romana: logisticheskaia karta «transemiotizasii». Voprosy literatury. 2023;(5): 105-127. <https://doi.org/10.31425/0042-8795-2023-5-105-127>
- [5] Bahtin M.M. «Problemy tvorchestvo Dostoevskogo». 1984. Minnepolis: İzdatelstvo Minnesotskogo universiteta, 341 c.
- [6] B.Tilegenov Seksen altynşy jyl. Qara jel. – Almaty. Däuir-Kıtap. 2017. – 482 b.
- [7] Bahtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva. Moskva: İskustvo, 1979.
- [8] Novak R. The polyphonic principle in the novelistic thinking of Olga Tokarczuk. <https://doi.org/10.1007/s11059-024-00758-5>
- [9] Nygren A. Narrating Rape as a Collective Trauma: Collectivity, Dialogism and Heteroglossia in Monika Fagerholm's Vem dodade bambi?/ Scandinavica, 63. 2024. <http://www.palgrave.com/us/book/9781137365934>
- [10] Maitanov B. Qazaq romany jäne psihologialyq taldau. – Almaty: Sanat, 1996. – 336 b.



**Султангалиева Р. Б., Жемиле Кынажы Баран, Жубанаева Ж. А.
ПОЛИФОНИЧЕСКИЕ ПРИЕМЫ В РОМАНЕ ПИСАТЕЛЯ Б.
ТЛЕГЕНОВА «СЕКСЕН АЛТЫНШЫ ЖЫЛ»**

Аннотация. Цель исследования - выявить роль, художественную мощь полифонических произведений в донесении до читателя исторических событий периода независимости, предложить новые возможности для понимания известных произведений, использовать в исследовательской деятельности полифонический принцип интеграции, который актуален в настоящее время, и показать более глубокую внутреннюю связь литературы с музыкой.

В статье анализируется полифонический роман Б. Тлегенова "Сексен алтыншы жыл". Автор останавливается в романе параллельно на нескольких событиях, придавая каждому из них свои особенности речи и повествования. В статье приводятся примеры таких характерных черт и указывается причина обращения автора к повествовательной полифонии. Анализируются такие художественные особенности, как диалог, диалог внутри монолога, контрапункт, характерные для полифонических произведений, приводятся примеры из произведения, конкретные аргументы. Обобщаются и рецензируются исследования полифонии в литературе, музыке. Сравниваются полифонические методы зарубежных авторов и методы, использованные писателем Б. Тлегеновым. Анализируется значение диалога в понимании психологии человека, в том числе значение диалогов, сопровождаемых «чужим голосом».

Выявление методов проявления контрапункта в произведении «восемьдесят шестой год», взятом на объект исследования, повышает научную ценность исследования. Также определяется созвучие между событиями, описанными рядом.

Практическая значимость исследовательской работы: исследователь литературоведения может быть полезным направлением исследований для студентов, магистрантов, докторантов. Можно использовать на лекциях, которые читаются в этой области. Исследовательская работа способствует глубокому пониманию, анализу полифонических произведений.

В статье используются такие методы, как систематизация, изложение, анализ, сравнение характеристик, характерных для полифонии.

Ключевые слова: роман, полифония, диалог, параллельные сюжеты, контрапункт, многосторонность.

Ключевые слова: роман; полифония; диалог; параллельные сюжеты; контрапункт; многоголосье; стиль; монолог.

**Sultangaliyeva R. B., Zhemile Kynaj Baran, Zhubanayeva. A.
POLYPHONIC TECHNIQUES IN THE NOVEL BY THE WRITER B.
TLEGENOV "SEXEN ALTYN SHA ZHYL"**

Annotation. The purpose of the study is to identify the role and artistic power of polyphonic works in conveying to the reader the historical events of the period of independence, to offer new opportunities for understanding famous works, to use the polyphonic principle of integration in research activities, which is relevant at the present time, and to show a deeper inner connection between literature and music.



The article analyzes B. Tlegenov's polyphonic novel "Seksen altynshy zhyl". The author stops at several events in the novel in parallel, giving each of them its own peculiarities of speech and narration. The article provides examples of such characteristic features and indicates the reason for the author's appeal to narrative polyphony. The article analyzes such artistic features as dialogue, dialogue within a monologue, counterpoint, characteristic of polyphonic works, provides examples from the work, specific arguments. The research on polyphony in literature and music is summarized and reviewed. The polyphonic methods of foreign authors and the methods used by the writer B. Tlegenov are compared. The importance of dialogue in understanding human psychology is analyzed, including the meaning of dialogues accompanied by a "foreign voice".

The identification of methods for the manifestation of counterpoint in the work "eighty-sixth year", taken on the object of research, increases the scientific value of the study. The harmony between the events described next to each other is also determined.

Practical significance of the research work: a researcher of literary studies can be a useful research area for students, undergraduates, doctoral students. It can be used in lectures that are given in this area. The research work contributes to a deep understanding and analysis of polyphonic works.

The article uses such methods as systematization, presentation, analysis, comparison of characteristics characteristic of polyphony.

Keywords: novel; polyphony; dialogue; parallel plots; counterpoint; polyphony; style; monologue.